

«КЕЛІСЕМІН»
БҚО мәдениет
басқармасының
басшысы



«КЕЛІСЕМІН»
«АҚЖАЙЫҚ»
телеарнасының
директоры



«БЕКІТЕМІН»
Ғ. Құрманғалиев
атындағы облыстық
филармония директоры



ЖАСТАР ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН І ОБЛЫСТЫҚ ЖАС ТАЛАНТТЫ ЭСТРАДА ӘНШІЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ «ЖАЙЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУДІҢ ҚАҒИДАСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Биылғы 2019 жыл – Жастар жылына орай Батыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының қолдауымен, Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясы және «АҚЖАЙЫҚ» телеарнасының бірлесе ұйымдастыруымен І облыстық жас талантты эстрада әншілері арасында телевизиялық «Жайық жұлдызы» конкурсын өткізеді.

2. Конкурс 2019 жылдың қазан-желтоқсан айлары аралығында Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония концерт залында өткізіліп, «АҚЖАЙЫҚ» телеарнасынан кезең бойынша көрсетілетін болады. Конкурса облысымыздың 18-35 жас аралығындағы жас эстрадалық орындаушылары қатыса алады.

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

Ақжайық өңірі бойынша өнерге қанат қаққан жас өнерпаздардың шығармашылық жетілуіне, өнер сахнасына кәсіби түрде баулып, қанаттандыруға мүмкіндік беру, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылатын мәдени-көпшілік шараларға қатыстыру, үлкен сахнада өнер көрсетуіне жолдама беру. «Жайық жұлдызы» жобасы Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясы мен «АҚЖАЙЫҚ» телеарнасы біріккен телевизиялық жобасы болып табылады.

3. Конкурстың өткізілу тәртібі мен шарттары

Конкурса облысымыздың 18-35 жас аралығындағы жас, талантты эстрадалық бағыттағы орындаушылары қатыса алады.

Қатысу жарнасы 5000 (бес мың) тенге.

БҚО аудандарынан қатысушы үміткерлер үшін, жол және жатын орындарымен тамақтану шығындары жіберуші жақтан.

I-кезең. Іріктеу кезеңі. Бұл кезеңде қатысушылар өздері дайындаған әндерін әділқазыларға ұсынады. Қазылар алқасы мен тәуелсіз сарапшылар үздік деп танылған қатысушыларды екінші кезеңге өткізеді.

II-кезең. «Ұмытылмас әндер» кезеңі. Бұл кезеңде қатысушы Қазақстан композиторларынан, яғни ретро әндерден бір ән орындауы қажет. Қатысушылардың келесі турға өтуі қазылар алқасының және тәуелсіз сарапшылар дауысымен анықталады.

III-кезең. «Жұлдызбен дуэт» кезеңі. Бұл айналымда қатысушы облысымызға танымал әншімен жұптасып өнер көрсетеді. Танымал әншілерді ұйымдастырушылар жұптайды және танымал жұбының репертуарынан бір ән болуы шарт. Қатысушылардың келесі турға өтуі қазылар алқасының және тәуелсіз сарапшылар дауысымен анықталады.

IV-кезең. «Ақжайық ән-жыр мекені» кезеңі ФИНАЛ. Қатысушы өзі дайындаған Жайық өңірінен шыққан жас композиторлар мен ақындармен шығармашылық байланыс орнатып, әндерін орындау қажет. Әннің тақырыбына сай қойылым (театрландырылған қойылым, би қойылымы, т.б.) әзірлеуі шарт. Жеңімпазды анықтау қазылар алқасының шешімімен анықталады.

Байқау барысында барлық кезеңде де қатысушылар әнді жанды дауыста, минуспен орындауы қажет. Байқау талабы бойынша: әнді орындаушылық қаблеті, әннің өңделуі (аранжировка), сахна мәдениеті мен образы, сахналық киімі және артистік шеберлігі ескеріледі.

4.Конкурс жеңімпаздарына төмендегідей жүлделер тағайындалады.

Жеңімпаздар төмендегі номинациялар бойынша марапатталады:

1. «Жайық жұлдызы» - бас жүлде, арнайы статуэтка және ақшалай сыйлық;
2. «Ақжайық дауысы» - арнайы статуэтка және ақшалай сыйлық;
3. «Жана есім» - арнайы статуэтка және ақшалай сыйлық;
4. «Көрермен көзайымы» - арнайы статуэтка және ақшалай сыйлық;
5. «Жаңа ән» - ән авторларына арнайы статуэтка және ақшалай сыйлық.

«Көрермен көзайымы» - номинациясы жеңімпазы www.bko-filarmoniya.kz сайтында көрермендердің дауыс беруі арқылы анықталатын болады. Дауыс беру уақыты филармония сайтында және әлеуметтік желілерде қосымша хабарланатын болады.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер 2019 жылдың 7 қазаннан 21 қазанға дейін өтініш пен төмендегі құжаттарды қоса қабылдайды:

- Жеке куәлік көшірмесі;
- Шығармашылық мінездеме;
- Музыкалық білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- Оқитын (студенттер үшін), жұмыс істейтін жерінен анықтама;
- 13x18 см көлемдегі 2 дана түрлі – түсті фотосурет;
- Екі кезеңде орындалатын шығармалар тізімі;
- Қатысушы төлемінің түбіртегі (квитанция) 5000 (бес мың) теңге;

Тапсырылған құжаттар кері қайтарылмайды.

Байқауға қатысушылардың өтініштері 2019 жылдың 21 қазан күніне дейін мына мекен-жайда қабылданады: 090000 БҚО, Орал қаласы, А. Карев 47, БҚО әкімдігі мәдениет басқармасының Ф. Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясында қабылданады

Тел: 8 (7112) 51-55-10, 51 05 26; 8 776 373 00 55, 8 707 750 74 77,
8 701 243 90 28

E-mail: west-zkof@mail.ru

Қосымша ақпарат: bko-filarmoniya парақшасы мен www.bko-filarmoniya.kz сайтында.

5. Ұйымдастыру комитеті

Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасының Ф.Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясы конкурсты өткізу және дайындау бойынша ұйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді.

Ұйымдастыру комитеті мүдделі тараптармен конкурсты жүзеге асыру жөніндегі сұрақтар бойынша қарым-қатынасты жүзеге асырады.

Ұйымдастыру комитеті байқауды дайындау және өткізу бойынша басшылықты жүзеге асырады, жүлделі орындардың саны мен акшалай сыйақының мөлшерін анықтайды.

Сыйақылар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің курсы бойынша теңге түрінде Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес салық түрлері алына отырып беріледі.

Ұйымдастыру комитеті конкурсты дайындау және өткізу барысында туындайтын өзге де ұйымдастыру мәселелерін шешеді.

Байқаудың ұйымдастыру комитетінің келісімімен жеке және заңды тұлғалар түрлі арнайы сыйлықтарды тағайындай алады.